

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«1 қыркүйек-Білім күні»

Өткізген: Агадиева К.А.
Едигина А.О.

2022-2023 жылы

Тыңдарымыз: 1-қыркүйек – білім күні.

Жүргізуші: Оқушыларға 1-қыркүйек күні – білім күні, еліміздің Ата заңы-Конституция жайлы пікір тусына беру. Ол тутан елдеріне, жерлеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

1. Балалардың салмақ тұрғызу.
2. Қонақтардың орналасуы.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын шығару.
4. Салтанатты жиында ашу, мектеп директорына сөз беру.
5. Әнұран шығарылады.
6. Құттықтау сөз (қонақ, ата-ана, ұстаз).
7. Ән ойналады.
9. Салтанатты жиындағы жабылуы.

Жүргізуші: Алтын шапалақ шапыратып көгінен, Күз кеп жетті сағыныштан сезіммен. Балапандай ұясына асыққан, Шәкірттерін шаттандырып сеніммен.

Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар, ата-аналар және барша қазақстандықтар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймыз!

Жүргізуші: 1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді.

Жүргізуші: Баршаның да бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ашылуларға ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілейміз!

Жүргізуші: Бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағы тәуелді болған қызу қайнаған, жауапты кезең бастамасы.

Ән ойналады.

Жүргізуші: Міне сыр мен қызығы мол, жаңа сая болған жаздың жайма шуақ күндеріде артта қалып, білім шыңынан тағы бір баспалдағына көтеріліп отырсыздар. Олай болса сіздердің ең алғашқы сәттімізді еліміздің Ата заңы Конституциямызға арнаймыз.

Жүргізуші: Иә, 1991 жылы желтоқсанда КСРО ыдырап, құрамындағы олақтас республикалар егемендік алды. Біздің елімізде Қазақстан республикасы деп жарияланып, өз алдына дербес мемлекет болды. Қазақстанның егемендігі туралы Декларация, мемлекет тәуелсіздік туралы Заң, Конституциямыз қабылданды.

Жүргізуші: Қазіргі уақыттағы негізгі құқықтық құжат ол – Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясы болып табылады. Ата заң қабылданған күн демалыс – мемлекеттік мереке – Қазақстан республикасы Конституциясының күні деп жарияланды. Бұл жаңа Конституция еліміздің төртінші Ата заңы.

Жүргізуші:

Біздің соңғы Конституциямыздың басты құндылығы Республикамыз өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жарияланумен қатар, өзінің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы екенін, мемлекеттік биліктің бірден бір бастауын – халық екенін айқындап берді. Басты мақсаты – адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады.

Жүргізуші:

Сондықтан да ендігі мақсатымыз осы Конституцияның бұлжытпай орындалуы мен елімізге мүлтіксіз қызмет етуін қалағалап, соның мерейінің үстем болуына ат салысу керек деп түсінеміз. Ән ойналады:

Жүргізуші:

Түлектерім тас қияға өрледі, Шетелден де жүлдесіз боп келмеді. Биіктерді бағындырсақ ұжым боп, Колледж басшысының еңбегі, -дей келе салтанатты жиынымыздың алғашқы сөз кезегі колледж басшысына беріледі.

Жүргізуші:

Қаңдай тажап қарашы жан- жағына, Күміс күлкі симай тұр, кара мұңға. Ата-анадай бақытты бар ма екен жан, Қол жеткізген аңсаған арманына. Жаксы шәкірт Азамат атанады, Халқымнан, ата-анадан бата алады . Ұрпағына айтсын деп ақ тілетін, Ортаға шақырайық ата-ананы.

Ән орындалады

Құрметті қонақтар, ата-аналар, ұстаздар оқушылар! Осымен Білім күні мерекесіне арналған салтанатты жиынды жабық деп жариялаймыз.



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Такырыбы: «1-Қыркүйек білім күні»

Тәрбиешілер: Касымғалиева.М.О
Абдрахманова.М.Х

2023-2024оқу жылы

Максаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туган елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы:

I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші:

Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші:

Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз өткен оқу іс әрекетімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге.

Назмерей
Бұл — екінші үйіміз,
Бір туганбыз бәріміз.
Біз — осы үйдің гүліміз
Біз — осы үйдің сәніміз.
Насыр :
Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсіруде бақшамыз.
Аяулым:
Білім ғана көтерер,
Биігіне адамды.
Көзін ашып үйретер,
Жақсы менен жаманды.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Білім — ғылым бастауы, мерекелі
Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық
Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
Кітап- білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.
Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
Оқы да біл,
Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын: «Ғажайып қоржын»

Мақсаты: ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. (балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды)

Қорытынды бөлім.
Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқараты
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу іс-әрекетіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу іс-әрекетіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

